# Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

**ғылыми-құқықтық журнал**

**№ 1 (37)**
**2015**



**Меншік иесі және баспагер:**
«Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**
Журналдың материалдары http:/www.izrk.kz сайтында орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға арналған басылымдар тізіліміне енгізілген (ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж. №894 бұйрығы)



**Редакциялық кеңес:**
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

**Редакциялық алқа:**
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтаганов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің БАҚ есепке қою туралы куәлігі № 11219-Ж 15.11.2010 ж.



**Мекен-жайы:**
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8 (7172) 74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


## МАЗМҰНЫ


2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі)...... 5

***Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы***............................ 9

З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлімгерлер – соғыс батырлары туралы.......................................... 9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер 13

***Конституциялық және әкімшілік құқық*** ............................ 18

З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республикасындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне........................................................................ 18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Республикасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе....................... 23

***Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы*** ........................ 29

А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу......................................................................................... 29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.................................................................. 36

***Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу*** ............... 41

А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенімділіктің деонтологиялық негіздері........................................... 41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы...................... 45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континенталдық қылмыстық-процесінің заңнамасы.................................. 57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.......................................................................................... 63

***Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану*** ........................................................ 68

М.А. СӘРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері........................................................................... 68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы........................................................................................ 77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.............................................................................................. 83

***Құқықтық мониторинг*** ........................................................................................................ 92

Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау........................................................ 92

***Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен*** .................................................................... 95

Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.................................................................... 95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер................................................................................... 100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы............................ 104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.......................... 108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.................................... 112

***Шетелдік тәжірибе*** ............................................................................................................ 116

С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері......... 116

***Жас ғалым мінбері*** ............................................................................................................. 122

Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.................................................................................................. 122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Европалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама............................................................ 128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.................................................... 134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы........................................................................ 139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық........ 144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері............................................................... 149
А.Т. БЕКЕН Реадмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.......................................................... 154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірібесі)............................................................. 158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері........................... 164

***Ақпараттық хабарламалар*** ................................................................................................. 169

2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама ....................................... 169

***Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері*** ................................................................ 171

***Мерейтой*** .......................................................................................................................... 172

З.ғ.д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай................................................ 172
З.ғ.д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай................................................ 174

# Вестник Института законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

№ 1 (37)
2015

**Собственник и издатель:**
ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**
Все материалы журнала размещаются на сайте http:/www.izrk.kz

Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г. )



**Редакционный совет:**
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

**Редакционная коллегия:**
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова



Свидетельство о постановке на учет СМИ № 11219-Ж от 15.11.2010 г. Комитета информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан

**Адрес:**
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


## СОДЕРЖАНИЕ


О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс-служба Министерства юстиции РК)........................................ 5

***70-летие Победы в Великой Отечественной войне...........*** 9

З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и наставниках - героях войны.................................................................. 9

Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечественной войны.......................................................................... 13

***Конституционное и административное право .................*** 18

З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституционно-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан 18

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт........................ 23

***Гражданское и гражданско-процессуальное право ...........*** 29

А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.......................................................................... 29

Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.......................................................................... 36

***Уголовное право и уголовный процесс .................................*** 41

А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду........................................... 41

М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность............................................. 45

Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа........... 52

М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континентальном уголовно-процессуальном законодательстве..................... 57

А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.......................................................................... 63

***Международное право и сравнительное правоведение*** ........ 68

М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза........ 68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов........ 77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права........ 83

***Правовой мониторинг*** ........ 92

Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства........ 92

***Из практики законотворчества на государственном языке*** ........ 95

Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане........ 95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров........ 100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов........ 104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии ........ 108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке........ 112

***Зарубежный опыт*** ........ 116

С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки.... 116

***Трибуна молодого ученого*** ........ 122

Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений........ 122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза........ 128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан........ 134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам........ 139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией........ 144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий»........ 149
А.Т. БЕКЕН Реадмиссия и Организация Объединенных Наций........ 154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан)........ 158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан..... 164

***Информационные сообщения*** ........ 169

Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана ........ 170

***Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова*** ........ 171

***Юбилеи*** ........ 172

К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева........ 172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова........ 174



**Қаражанов Малик Дулатұлы,**
*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау институтының директоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (Семей қ.)*

**Қанатов Алмас Қанатұлы,**
*ҚР Заңнама институты қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бастығы-бас сарапшы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент*

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне сай жаңа редакцияда қылмыс ұғымының орнына оны қамтитын қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы енгеніне байланысты экологиялық қылмыстар ендігі арада экологиялық қылмысты құқық бұзушылықтар деп аталын болды [1]. Сондықтан, осы мақалада экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушsлықтардың криминологиялық сипаттамасы жаңа түрде қаралатын болды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы оның қылмыстық-құқықтық сипаттамасынан қарағанда қылмыстардың алдын алуына байланысты басымды сипатта болып келеді. Өйткені, алдын алу шаралары жазалау шараларынан қарағанда алдыңғы қатарда тұру керек.

Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы - қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін белгілі қылмыстық құқық бұзушылық немесе қоғамға қауіпті іс-әрекет жөнінде деректер жиынтығы (жеткілікті ақпарат) деп түсіндіріледі. Егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды бүтін жүйе ретінде қарастырсақ, онда криминологиялық сипаттама оның бір құрылымдық бөлігі болады, ал екіншісі алдын алу іс-шараларын әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады [2, 136 б.].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасының құрылымын аша келе, заң ғылымдарының докторы, профессор А.О. Алауханов оған келесілерді жатқызуды ұсынады: қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына септігін тигізетін факторлар (себептер мен жағдайлар); қылмыстық құқық бұзушылықтардың жайы, оның қоғамға қауіптілігі, таралған аумағы, көлемі, өзіндік салмағы, құрылымы, латенттік деңгейі; қылмыстық құқық бұзушылықтардың үрдісі: динамикасы, болжамы; қылмыскердің жеке басының криминологиялық сипаттамасы; қылмыс салдарының сипаттамасы; алдын алу шаралары [3, 39-40 б.].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін осы көрсетілген қасиеттерді криминологиялық сипаттамада ашу керек.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеттің мәліметтері бойынша қозғалған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың санын жылдар бойынша төмендегені және ақырғы жылдары өскені байқалады: 2002 ж. -575, 2003 ж. – 535, 2004 ж. – 519, 2005 ж. – 232, 2006 ж. – 176, 2007 ж. - 194, 2008 ж. – 188, 2009 ж. – 233, 2010 ж. – 178, 2011 ж. – 150, 2012 ж. - 168, 2013 ж. - 267, 2014 ж. - 501.

Осыдан көрініп тұрғандай көпшілік сотталғандар ҚР ҚК-нің 335-338, 340 баптары бойынша екені көрініп тұр. Бұл қылмыстар

көбінесе не формальды ұзақ дәлелдеуді талап етпейді не материалдық тез дәлелденетін істер болып келеді.

Осы жағдайды М.Г. Малыгина да қолдайды: «...оларды тергеу көрсеткендей нұқсан не тез анықталады не арнайы білімдерді қолданбай анықталады» [4, 11 б.].

Заң ғылымдарының кандидаты Б.Ш. Исмаилованың пікірінше, «экологиялық қылмыстар құрылымын талдау көрсеткендей, осы қылмыстар ішінен тергеліп ашылған қылмыстар өте аз кездеседі. Мәселен, 2003 жылы анықталған 8449 экологиялық құқық бұзушылықтан тек 445 ғана сотқа жіберілді, оның 412 іс бойынша ғана айыптау үкімдері шықты (0,6% ғана барлық құқық бұзушылықтар ішінен).

Осыған ұқсас жағдай 2006 жылы 10203 бұзушылық орын алып, 461 іс сотқа жіберіліп, 434 іс бойынша айыптау үкімдері шыққан. Осы жағдай көптеген құқық бұзушылықтар қауіптілігі елеулі емес деп танылады» [5, 88 б.].

Біздің жағдайда экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың сандық-сапалық сипаттамасы экологиялық қылмыстардың жалпы санының ішінде зерттеледі.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелген жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде орташа 1% құрайды. Мәселен, 2008 жылы тіркелген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны - 305, ал экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар саны – 4, сол сияқты 2009 жылы – 397 және 1, 2010 жылы 343 және 2, 2011 жылы 272 және 8, 2012 жылы 348 және 3 2013 жылы 571 және 9, 2014 жылы 813 және 12 сәйкесінше.

Осы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінен экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын талдап көрейік. Құқық қорғау органдары осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аз көлемі бойынша ғана істер қозғаған. Мәселен, 2012 жылы ҚР ҚК-нің 324-бабы бойынша – 3 іс қозғалды. Қалған экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша істер қозғалған жоқ. Салыстырмалы талдау нәтижесінде 2008-2012 жылдар аралығында қозғалған істер бойынша ҚР ҚК-нің 324 және 343 баптары бойынша бірде бір факті тіркелмегенін көруге болады.

Кез келген қылмыстылық түрі сияқты экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың да сандық және сапалық жағынан сипатталады. Сондықтан, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейін, құрылымын және динамикасын қарастырамыз.

Қылмыстылық деңгейі қылмыстылықтың сандық жағын көрсететін абсолютты және салыстырмалы шамамен есептелінеді. Абсолютты шамамен қылмыстылық деңгейін анықтау үшін барлық тіркелген қылмыстар мен оны жасағандар республика, облыс, қала немесе аудан аумағында белгілі кезеңде алынады. Қылмыстылық деңгейі салыстырмалы шамамен белгілі кезең ішіндегі қылмыстар санымен, халық санымен немесе жас шамасымен, қоғамдық топтардың арасындағы сәйкестікпен есептелінеді [6, 62 б.].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейін анықтау нәтижесінде абсолютты шама 2014 жыл бойынша 12 – тіркелген қылмыстар саны бойынша көзделсе, ал сотталғандар бойынша – 0 көрсетті.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың деңгейін салыстырмалы шама ретінде анықтағанда қылмыс жасағандар санымен сәйкестендіру керек. 2014 жыл бойынша осы шаманы анықтау үшін жасағандардың 12 іс бойынша актамайтын негіздер бойынша қылмыстық істер қысқартылған.

Бұл қылмыстардың динамикасына келсек, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың былай қозғалысқа түседі.

Егер жалғаспалы тәсілді қолдансақ, онда 1-ші кестеден экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрінісін байқауға болады.

Зерттеу кезінде белгілі жыл ретінде базисті алып, оны басқа кейінгі жылдармен салыстыру жолымен зерттеу деп аталатын базистік тәсілді қолданып зерттесек, онда 2-шы кестеден экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрінісін байқауға болады.

Кесте 1 - Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарды жалғаспалы тәсілмен орналастыру

| Жылдар | Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 324-327, 343-баптары) | Алдыңғы жылмен салыстырғанда |
|---|---|---|
| 2002 | 4 | - |
| 2003 | 4 | 0 |
| 2004 | 6 | +50 |
| 2005 | 4 | -33 |
| 2006 | 6 | +50 |
| 2007 | 7 | +16 |
| 2008 | 4 | -42 |
| 2009 | 1 | -75 |
| 2010 | 2 | +100 |
| 2011 | 8 | +300 |
| 2012 | 3 | -62,5 |
| 2013 | 9 | +200 |
| 2014 | 12 | +25 |

Кесте 2 - Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды базистік тәсілмен орналастыру

| Жылдар | Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 324-327, 343-баптары) | Қылмыстылық динамиксы (2002 жылмен салыстырғанда %) |
|---|---|---|
| 2002 | 4 | - |
| 2003 | 4 | 0 |
| 2004 | 6 | +50 |
| 2005 | 4 | 0 |
| 2006 | 6 | +50 |
| 2007 | 7 | +75 |
| 2008 | 4 | 0 |
| 2009 | 1 | -75 |
| 2010 | 2 | -50 |
| 2011 | 8 | +100 |
| 2012 | 3 | -25 |
| 2013 | 9 | +125 |
| 2014 | 12 | +300 |

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың осындай аз көлемді қамтуы көбінесе олардың сотқа 1-2 іс бойынша ғана үкімдер шығарылуы олардың хабарланбауымен немесе олар бойынша қылмыстық істер қозғалмауымен сипатталады. қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінен басым болатын заң ғылымдарының кандидаты Ф.С. Жақсыбекова атап өткендей, «тіркелетін экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қарсы бағытталған қылмыстар» [7, 27 б.].

Сондықтан, экологиялық қылмыстылық латенттілік белгісіне ие. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттігі, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттігі құқық қорғау органдарының және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының беделін түсіретін фактор болып табылады. Ол қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелмеуі себебінен болады. Оған әсер ететін жағдайлар болып халықтың құқықтық санасының төмен деңгейде болуы, құқық қорғау органдарының экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын

қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заң білушілігі төмен табылады. Осының есебінен қылмыстық құқықтың негізгі қағидасы қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындық қағидасы бұзылады. Қаралған әкімшілік істердің қаулыларын талдай келе, көп жағдайда оларды істеген адамдар іс-әрекетінде қылмыс құрамы бар екендігін анықтауға болады. Бірақ, құқық қолдану органдары көп жағдайда оларға қылмыстық-құқықтық әсер ету шараларын қолданбаған. Сондықтан, босатылған адамдар халық арасында бәрібір экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық жауаптылық болмайды деп өздерінің іс-әрекет ету аясын кеңейе бастайды.

Мысалы, Қостанай облыстық қоршаған ортаны қорғау басқарамасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамасына сәйкес 2010 жылы Қостанай текстиль компаниясы» ЖШС қауіпті қалдықтарды жою бойынша экологиялық талаптарды бұзғаны және жөндеу цехынды қалдықтарды тастайтын көздері нормаланбағаны үшін жауаптылыққа тартылды.

ҚР ӘҚБтК-нің 240-бабының 1-бөлігі бойынша «Қостанай текстиль компаниясы» ЖШС бастығына 48 550 тенге айыппұл салынды.

ҚР ҚК-нің 325-бабында қылмыс заты қалдықтар болған жағдайда осы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болар еді. Ал занда осындай түсініктеме болмағанына байланысты қылмыс құрамының белгілері бар іс-әрекеттер әкімшілік болып есептеледі. Сөйтіп, осының есебінен көптеген қылмыстар анықталмайды, ал практикада қылмыстылық жағдайы қылмыстық статистика мәліметтері бойынша тек тіркелгендері ғана, сонымен қатар қылмыс жасағандар санымен ғана анықталады. Сондықтан, «криминалды айсберг» жөнінде айтуға болады, онда оның су үсті және су асты сәйкестігі 1:7 немесе 1:8 құрайды [8].

Сарапшылардың пікірінше, экологиялық қылмыстар, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар бойынша латенттік 95-99% құрайды. Осыған байланысты экологиялық қылмыстылықпен күрес мәселесі латенттікті есепке ала отырып халықпен тұрақты және маңызды мәселелердің бірі ретінде бағаланады [9, 54 б.].

РФ Бас прокуратурасы Академиясы Ғылыми-зерттеу институтының экология саласындағы прокурорлық қадағалау мен заңдылықты нығайту мәселелері бөлімінің ғылыми қызметкері заң ғылымдарының кандидаты Т.В. Раскиннің пікірінше – әр түрлі зерттеулер бойынша статистика тек қана нақты криминалдық іс-әрекеттердің аз бөлігін ғана қамтиды, олардың латенттігі 95-99% құрайды. Латенттіктің басты детерминанты – қылмыстардың анықталмауы табылады [10, 69 б.].

Ресей Федерациясында да экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың аз тіркелгені бойынша да латентті екенін келесі 3-ші кестеден көруге болады.

Кесте 3 - Ресей Федерациясындағы 2000 жылмен салыстырғандағы 2005-2009 аралығындағы тіркелген экологиялық қылмыстар

| РФ ҚК бабы | Баптың атауы | 2000 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 246 | Жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу | 5 | 21 | 127 | 29 | 11 | 6 |
| 247 | Экологиялық қауіпті заттармен және қалдықтармен жұмыс істеу кезінде ережелерді бұзу | 26 | 78 | 113 | 84 | 42 | 40 |
| 248 | Микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 249 | Ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы | 1 | 2 | 4 | 6 | 3 | 11 |

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Д.Н. Джунусова жалпы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымында экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттігі 7-35% құрайды деп көрсетеді. Олардың көпшілігі тергеу барысында тоқтатылады, басқалары сотталушылардың кінәсі дәлелденбегендіктен сотпен ақтау үкімдері шығарылады. Көп материалдар бойынша анықтау органдары негізсіз іс қозғаудан бас тартады. Орта есеппен алғанда 53,3% қылмыстық жауаптылыққа тартылғандар ғана сотталады. Жалпы қылмыстылықтың өсуіне байланысты, әсіресе экономикалық, пайдакүнемдік-зорлық істерінің экологиялық қылмыстармен күреске қажетті көңіл бөлінбейді. Әлі күнге дейін ол екінші орынға қалдырылып ондай қауіптілік туғызбайды деп саналады. Сотқа жіберілген істердің 80% шартты соттау, санкцияның ең төменгі мөлшерін немесе жазаны кейінге қалдыру қолданылған [11, 16 б.].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жоғары латенттігі жөнінде қозғаудан бас тартылған 150 қылмыстық істердің зерттелуі көрсетті, оның ішінде 90 % қылмыс құрамының белгілерінің болмауы және 10% қылмыс фактісінің анықталмауы болып табылады.

Әкімшілік істерді зерттей келе, Э.Н. Жевлаков, заңсыз балық аулау бойынша әкімішілік жауаптылыққа тартылған 100% әкімшілік істерде қылмыс құрамы анықталды деп көрсетті [12].

Ішкі істер органдарының тергеу бөлімінде жүргізілген сауалнама нәтижесінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттігі 90% екенін көрсетті. Сауалнама нәтижесінде осындай қылмыстылықтың себептері анықталды: бір тергеушілер заңдардың өзінде жаза жеңіл көзделгенін көрсетті, екіншілері – заңдардың көпшілігі бланкеттік болуына байланысты қиын түсінуін көрсетті, үшіншілері – бұл қылмыстар бойынша дәлелдеу қиындығын көрсетті. Осы жағдайға жас ғалым К.С. Олжабаева да көңіл бөлген: «Егер экологиялық мониторинг немесе нұқсанды есептеу әдістемесі бойынша процесте сотталушы дауға салып өзінікін дәлелдей алса, онда оны жазалау мүмкін болмайды», - дейді [13, 128 б.]. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының төмен белсенділігі, штаттық санының аз болуы да табылады.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны жағынан аз көлемді қамтығандықтан және кейбір аймақтарда олар «жұмыс істемейтіндер» қатарына жатқандықтан ҚР ҚК-нің 324-327, 343-баптары бойынша толық криминологиялық талдау жасау қиындыққа әкеліп отыр.

ҚР ҚК-нің 326, 343 баптары бойынша көп жылдар ішінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың болмауы экологиялық қауіпсіздік саласындағы қолайлы жағдай болуының дәлелі емес, ол экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың латентті екенін дәлелдейтін тағы бір жағдай. Оның себептері бірнешеу қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының объективтік белгілерін анықтау қиындығы, экологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылаудың аз болуы, қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарындағы жеткіліксіздіктер тағы басқа.

Зерттелген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар көрсеткендей, барлығы 315 хаттамада - 30%-да ҚР ҚК-нің 324-327, 343 баптарында көзделген экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар екенін көрсетті.

Қоршаған орта саласындағы құқық бұзушылықтар жалпы талдау көрсеткендей, барлық анықталған адамдар ішінен 95% әкімішілік жауаптылыққа тартылғаны анықталды.

Сонымен, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың кең таралған латентті қылмыс болып табылады, өзінің ішкі жасалу табиғаты бар, жасалу сылтауы ретінде тез табыс табумен сипатталады. Сондықтан, осыған әсер ету осы құбылысты дұрыс түсініп саралағанда ғана мемлекеттік-құқықтық шаралар онымен күрес жүргізгенде тиімді болары сөзсіз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V.

2. Криминология: учебник /под ред. акад. В.Н. Кудрявцева, проф. В.Е. Эминова. – М.: Юристъ, 1997. – 512 с.

3. Алауханов А.О. Криминология (Қылмыстану): оқу құралы (конспект үшін). – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2006. – 120 бет.

4. Малыгина М.Г. Основания уголовно-правового запрета экологических преступлений: дис. ...канд. юрид. наук. - Караганда, 2004. – 188 с.

5. Исмаилова Б.Ш. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика преступлений против биологических ресурсов в Республике Казахстан: дис. ... канд. юрид. наук. - Астана, 2010. – 144 с.

6. Имашев Б.М. Криминологические проблемы противоправного банкротства: монография. /под ред. Н.М. Абдирова. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 184 с.

7. Жаксыбекова Ф.С. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол сұғатын экологиялық қылмыстардың криминологиялық проблемалары: заң ғылым. канд... дис. - Астана, 2008. – 139 б.

8. Алексеев А.И. Криминология: Курс лекций. - М.: Щит-М, 1999. – 340 с. // http://pravouch.com/page/krimminolog/ist/ist-15--idz-ax237.html

9. Тангиев Б.Б. Экологическая преступность на Северо-Западе России // Гражданин и право. - 2006. - № 11. - С.54-57.

10. Раскин Т.В. Экологическая преступность: современное состояние и пути противодействия. //Экология и уголовное право: поиск гармонии: межд. научно-практ. конф., посвященной подготовке XXII Олимпийских зимних и XI Паралимпийских зимних игр 2014 г. в г. Сочи / под ред. В.П. Коняхина и М.Л. Прохоровой. – Краснодар: Изд-во ЭДВИ, 2011. - С.67-72.

11. Джунусова Д.Н. Экологическая преступность и ответственность за экологические преступления: специализированный учебный курс – Саратовский Центр по исследованию проблеморганизованной преступности и коррупции. - Саратов: Изд-во ФГБОУ ВПО Саратовская государственная юридическая академия, 2013. – 200 с.

12. Жевлаков Э.Н. Уголовно-правовая охрана окружающей природной среды в Российской Федерации. - М.: Научно-исследовательский институт проблем укрепления законности и правопорядка, 2002 (с изменениями и дополнениями, 2004) // СПС «Гарант».

13. Олжабаева К.С. Индивидуализация неосторожных экологических преступлений и проблемы криминализации ответственности за преступления в области природопользования // Право и государство - 2009. -№2 (43) - С.128-130.

• • • • •

*Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Жаңа қылмыстық кодексі контекстінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасына талдау жасалған. Мақала авторлары экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімсіздігі себептерін анықтайды.*

***Түйін сөздер:*** *экология, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, криминологиялық сипаттама, кримнологиялық сипаттама құрылымы, экологиялық қылмстылықтың жайы мен динамикасы.*

*В данной статье дается криминологическая характеристика уголовных правонарушений посягающих на экологическую безопасность в контексте нового Уголовного кодекса Республики Казахстан. Авторами статьи выявляются основные причины неэффективности борьбы с уголовными правонарушениями, посягающих на экологическую безопасность.*

***Ключевые слова:*** *экология, экологические уголовные правонарушения, криминологическая характеристика, структура криминологической характеристики, состояние и динамика экологической преступности.*

*This article analyzes the criminological characteristics of criminal offenses, encroaching on ecological safety in the context of the new Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The authors identified the main reasons for the ineffectiveness of the fight against criminal offenses, encroaching on ecological safety.*

***Keywords:*** *ecology, environmental criminal offenses, criminological characteristics, the structure of the criminological characteristics, state and dynamics of environmental crime.*

**Малик Дулатұлы Қаражанов,**
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау институтының директоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (Семей қ.)
**Алмас Қанатұлы Қанатов,**
ҚР Заңнама институтының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
**Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы**

**Каражанов Малик Дулатович,**
доктор философии по специальности «Юриспруденция», доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин, директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров Казахского инновационного гуманитарно-юридического университета (г. Семей)
**Канатов Алмас Канатович,**
главный эксперт-начальник отдела уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства и судебной экспертизы Института законодательства РК, к.ю.н., доцент
**Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность**

**Karazhanov Malik Dulatovich,**
Doctor of Philosophy in the specialty "Jurisprudence", Associate Professor of Criminal Law, director of the institut of training and retraining of innovative Kazakh Humanitarian Law University (Semey)
**Kanatov Almas Kanatovich,**
Head of Department of the criminal, criminal procedure and penal enforcement and forensic of the Institute of Legislation of Republic of Kazakhstan, Candidate of legal sciences, Associate Professor
**Criminological characteristics of criminal offenses, encroaching on ecological safety**